

Мухсиынова Меруерт Жақсыбекқызының
«Қазіргі поп-орындаудағы қазақтың дәстүрлі ән айту техникаларының
модификациясы» атты диссертациялық жұмысына
БЕЙРЕСМИ ПІКІР

Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу қазақтың дәстүрлі әншілік өнері мен заманауи поп-орындаушылық арасындағы сабақтастықты ғылыми тұрғыдан пайымдауға арналған өзекті еңбек болып табылады. Жұмыста дәстүрлі вокалдық техникалардың қазіргі музыкалық кеңістіктегі өзгеру, бейімделу және жаңа орындаушылық ортада қайта көріну үдерістері жүйелі түрде қарастырылған.

Зерттеудің құндылығы, ең алдымен, автордың қазақтың дәстүрлі ән айту тәжірибесін тек тарихи-этнографиялық мұра ретінде емес, қазіргі вокалдық мәдениет аясында өмір сүріп отырған көркемдік-орындаушылық жүйе ретінде қарастыруынан көрінеді. Бұл ұстаным дәстүрлі ән өнерінің табиғатын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Себебі ұлттық әншілік мектептің ерекшелігі тек әуендік құрылыммен немесе мәтіндік мазмұнмен ғана шектелмейді, ол дыбыс жүргізу, интонациялық иірім, орнаменттік өрнек, тыныс ұйымдастыру және сөз бен әуеннің тұтастығы арқылы да айқындалады.

Диссертацияда қазақтың дәстүрлі вокалдық техникасының поп-орындаушылық кеңістікте көрініс табуы жай ғана стильдік әсер немесе сыртқы ұқсастық ретінде емес, тарихи жады мен орындаушылық сабақтастықтың нәтижесі ретінде бағаланады. Автор осы бағытта дәстүрлі және заманауи орындау үлгілерінің арасындағы байланысты ғылыми тұрғыдан негіздеуге талпыныс жасаған. Бұл, әсіресе, ұлттық вокалдық болмыстың қазіргі сахналық өнердегі орны мен маңызын түсіндіру жағынан маңызды.

Жұмыстың тағы бір назар аударарлық қыры – дәстүрлі ән айту техникасының ішкі табиғатын орындаушылық тұрғыдан сезіне отырып, оны теориялық талдау нысанына айналдыруы. Яғни зерттеуде вокалдық құбылыстар таза абстрактілі деңгейде емес, нақты көркемдік тәжірибемен байланыста қарастырылады. Бұл еңбектің ғылыми салмағын арттырып қана қоймай, оның практикалық маңызын да күшейтеді. Себебі мұндай зерттеулер болашақ орындаушыларға, вокал педагогтарына және ұлттық музыка табиғатын зерттеушілерге бағыт-бағдар бере алады.

Қазіргі кезеңде дәстүрлі ән мұрасының эстрадалық және поп-вокалдық орындаушылықпен сабақтасып дамуы заңды құбылыс екені байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, Мухсиынова Меруерт Жақсыбекқызының зерттеуі ұлттық вокалдық дәстүрдің қазіргі мәдени ортадағы қызметін пайымдауға өзіндік үлес қосатын еңбек деп бағаланады. Автор дәстүрлі әншілік өнердің ішкі заңдылықтарын сақтай отырып, оның жаңа орындаушылық кеңістікте қалай танылатынын ғылыми негізде қарастыруға ұмтылған.

Сондықтан, аталған диссертациялық жұмысты теориялық пайымы орнықты, орындаушылық тәжірибемен сабақтас және ғылыми-практикалық мәні бар зерттеу ретінде бағалаймын.

Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы,
«Дәстүрлі музыкалық өнер»
кафедрасының доценті

Даржан Шолпан Жарқеткенқызы
эл.пошта: shopik-80@bk.ru

